



«Арқалық қаласының орталықтандырылған кітапхана жүйесі» ММ
Әдістеме – библиография бөлімі

Жаны жайсаң абзал аға – Жұмабек Кенжалин



Жазушы –

журналист,

ғалым, публицист

Жұмабек Кенжалиннің туғанына 70 жыл (1954-2017)

Жаднама



*«Арқалық қаласының орталықтандырылған кітапхана жүйесі» ММ
Әдістеме – библиография бөлімі*

***Жаны жайсаң абзал аға – Жұмабек
Кенжалин***

*Жазушы – журналист, ғалым, публицист
Жұмабек Кенжалиннің туғанына 70 жыл (1954-2017)*

Жаднама

Арқалық қаласы 2024 жыл

ЭОЖ 011

КБЖ 91

Ж 27

Құрасты., компьют. терген: С. М. Көшкінбай

Жауапты ред.: Д. Е. Құсайын

Құрастырушы: С. М. Көшкінбай

Шығарылымға жауапты: Д. Е. Құсайын

Мұқабаны безендірген: С. М. Көшкінбай

Редактор: Д. Е. Құсайын

Жаны жайсаң абзал аға – Жұмабек Кенжалин [Мәтін] Жазушы – журналист, ғалым, публицист Жұмабек Омарұлы Кенжалиннің 70 жыл толуына арналған : Жаднама /«Арқалық қаласындағы орталықтандырылған кітапхана жүйесі» ММ Әдістеме–библиография бөлімі ; [құраст.; С. М. Көшкінбай; шығарылымға жауапты Д. Е. Құсайын; ред. Д. Е. Құсайын]. – Арқалық : [б.б.], 2024. – 40 б. : сурет. – қазақ тілінде.

Әдістеме – библиография бөлімі Жазушы – журналист, ғалым, публицист Жұмабек Омарұлы Кенжалиннің 70 жыл толуына арналған жаднама дайындады. Жаднамаға Жұмабек Кенжалиннің өмірі туралы, сондай-ақ шығармашылық жолы жайында мағлұматтар берілген.

©Арқалық қаласының орталықтандырылған кітапхана жүйесі,
әдістеме-библиография бөлімі

Тұғыры биік тұлға еді



Қазақ баспасөз саласында ерекше көзге көрініп, еліміздің тәуелсіздігін ақпарат майданында қамтамасыз етуге барынша атсалысып жүрген қаламы ұшқыр белгілі журналист – публицист, жазушы, ғалым Жұмабек Омарұлы Кенжалин 1954 жылы Қостанай облысы, Амангелді ауданындағы Жданов атындағы колхозда туған. 1971 жылы Торғай облысы, Арқалық ауданындағы Қайыңды орта мектебін бітірген соң әскер қатарында қызмет етті, шаруашылықтарда жұмыс істеді.

1981 жылы Қазақ Мемлекеттік университетін тәмамдаған соң республикалық «Егемен Қазақстан» («Социалистік Қазақстан») газетінде тілші, бөлім меңгерушісі болып жұмыс істеді. 1986 – 1988 жылдары «Зерде» («Білім және еңбек») журналында жауапты хатшы, бас редактордың міндетін атқарушы болды. 1990 жылдан «Халық кеңесі» газеті бас редакторының орынбасары, бірінші орынбасары, ал 1994 жылдан 1996 жылдың қаңтарына дейін осы басылымның бас редакторы қызметін атқарды.

1996 жылдың қаңтарынан 1997 жылдың қарашасына дейін республикалық ұлттық қоғамдық - саяси теориялық «Ақиқат» журналының бас редакторы, 1997 – 1999 жылдар аралығында «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы қызметін атқарды.

1999 жылдың маусым айынан 2006 жылдың тамызына дейін «Қазақ газеттері» жабық акционерлік қоғамының президенті, «Қазақ газеттері» ЖШС – нің бас директоры, 2006 жылдың тамыз – қараша айларында республикалық «Ана тілі» газетінің бас редакторы болды. 2006 жылдың қараша айынан 2009 жылдың ақпан айына дейін ұлттық қоғамдық - саяси «Ақиқат» журналының Бас редакторы, ал 2009 жылдың ақпанында «Қазақ газеттері» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Бас директоры – редакторлар кеңесінің төрағасы болды. Ж. Кенжалин Қазақстан Үкіметі жанындағы Мемлекеттік терминологиялық комиссия мүшесі болды, ХҮІІ шақырылған халық депутаттары Алматы қалалық Кеңесінің депутаты болып сайланды.

Ж.Кенжалин халықаралық, республикалық ғылыми – практикалық конференцияларға қатысып, отандық баспасөздің проблемалары хақында баяндамалар жасаған. 2004 жылы кандидаттық диссертация қорғап, саяси ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесіне ие болды. Оған ұзақ жылдардағы бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы жемісті еңбегі үшін

Қазақстан Республикасы Президент сыйлығының лауреаты (2006 ж.), Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері (2004 ж.) атағы берілді.




Ол 1988 жылы «Өнер» баспасынан шыққан «Желкілдеп өскен құрақтай», 1998 жылы «Қазақстан» баспасынан шыққан «Шындықты шырақ етіп ұстаңыз» деректі әңгімелер мен эсселер және 2005 жылы «Өлке» баспасынан шыққан «Ұлт рухын ұлықтаған ұрпақпыз» кітабының авторы. Оның журналистік, жазушылық еңбектері әдеби ортада жоғары бағаға ие. Ол бірнеше жылдардан бері Кенесары бастаған ұлт азаттық қозғалысы батырларының бірі төлек Жәуке туралы материалдар жиыстырып, оны баспасөз бетінде жариялаған. Шығармашылығын жүйелі жалғастыра жүріп, ғылыммен де айналысты. «Бұқаралық ақпарат құралдарының қазақстандық патриотизмді қалыптастырудағы рөлі» деген тақырыпта диссертация қорғап, саяси ғылымдардың кандидаты атанды.

...Жұмабек Омарұлы жас ақын – жазушылар мен журналистердің де қамқоршысы бола білді. Олардың жазған шығармаларының өзіне қарасты газет – журналдарда жариялануына көмегін аямады.

Ж. Кенжалин – Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты (1984 ж.), Қазақстан Журналистер Академиясының академигі (2001 ж.). Ол Қазақстан Жазушылар одағының және Қазақстан журналистер одағының мүшесі.

Жұмабек Кенжалиннің шығармалары:

1. Кенжалин, Ж. Қалам қанаты [Мәтін] : эсселер, ой-толғамдар, байыптамалар / Ж. Кенжалин ; алғы сөз жазғ.: Н. Оразбек. – Алматы: Ана тілі, 2014. – 384 б.
2. Кенжалин, Ж. Ер Жәуке мінбегенмен алтын таққа [Мәтін] : деректі әңгімелер, эсселер, байыптамалар, сараптамалар / Ж. Кенжалин ; алғы сөз жазғ.: Ғ. Есім, Т. Омарбеков. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2012. – 536 б.
3. Кенжалин, Ж. Ұлт рухын ұлықтаған ұрпақпыз [Мәтін] / Ж. Кенжалин. – Алматы: Өлке, 2005. – 160 б.
4. Кенжалин, Ж. Шындықты шырақ етіп ұстаңыз [Мәтін] : байыптамалар, деректі әңгімелер, очерктер / Ж. Кенжалин. – Алматы: Қазақстан, 1998. – 239 б.
5. Жәуке батыр [Мәтін] / құраст.: Ж. Кенжалин. – Алматы: Сәулет, 1994. – 38 б.
6. Кенжалин, Ж. Желкілдеп өскен құрақтай [Мәтін] : очерктер / Ж. Кенжалин. – Алматы: Өнер, 1988. – 152 б.
7. Кенжалин, Ж. Қазақстан спорт жұлдыздары [Мәтін] : очерктер, мақалалар / құраст.: Ж. Кенжалин. – Алматы: Жалын, 1985. – 128 б.
8. Кенжалин, Ж. Ер Жәуке мінбеген алтын таққа... [Мәтін] / құрастырған: Ж. Кенжалин. – Алматы: «Қазақпарат», 2011. – 200 б.



Ж. Кенжалиннің мерзімді басылымдардағы жарияланымдары:

2017

9. Кенжалин, Жұмабек. Газет күшімен салынған мектеп [Мәтін] : [Қостанай таңы" газетінің 95 жылдық мерейтойы] / Жұмабек Кенжалин // Қостанай таңы. – 2017. – 23 маусым. – Б. 2.
10. Дәстүр сабақтастығын сақтадық [Мәтін] : [" Ақиқат – 90 ": жүректе жаңғырған жылдар] / Редакция алқасының мүшелері бас қосқанда. 1997 жыл. // Ақиқат. – 2011. – № 9. – Б. 21 – 23.

2012

11. Кенжалин, Жұмабек. Қоғам өмірінің өлшемін айқындаған [Мәтін] : [профессор Раушанбек Әбсаттаровтың "Саясаттану негіздері" қос томдық туындысы туралы : суреті бар] / Жұмабек Кенжалин // Қостанай таңы. – 2012. – 13 наурыз. – Б. 6.
12. Кенжалин, Жұмабек. Алаш оқығандары [Мәтін] : [қазақтан шыққан зиялы қайраткерлер] / Жұмабек Кенжалин // Ана тілі. – 2012. – 2-8 ақпан. – Б. 5.

2009

13. Кенжалин, Жұмабек. Қайыңдылықтарға қайырым қолын созды [Мәтін] : [Бауыржан Ибраев Қайыңды және Қызылжұлдыз ауылдық округінің оқырмандарына "Ақиқат" журналын тегін жаздыртып берді] / Жұмабек Кенжалин // Ақиқат. – 2009. – № 3. – Б. 37–39.
14. Кенжалин, Жұмабек. БАҚ: қаржы дағдарысы қалам ұшында қалай сөйлейді? [Мәтін] : [қаржы дағдарысы жайында ақпараттық құралдардың пікірі] / Ж. Кенжалин // Ақиқат. – 2009. – № 1. – Б. 26–31.

2008

15. Кенжалин, Жұмабек. Атадан ұл туса игі, ата жолын қуса игі [Мәтін] : [Төлек Жәуке батыр ұрпағы Орманбек би туралы тарихи деректер] / Жұмабек Кенжалин // Ақиқат. – 2008. – № 7. – Б. 36–41.

16. Кенжалин, Жұмабек. Төлек Жәуке батыр [Мәтін] : [батыр Жәуке Назарғұлұлы туралы] / Жұмабек Кенжалин // Қостанай таңы. – 2008. – 27 маусым.; 1, 2, 9 шілде.
17. Кенжалин, Жұмабек. Сыбайлас жемқорлық: індетпен күресте іркіліс болмасын [Мәтін] : [сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес шаралары] / Жұмабек Кенжалин // Ақиқат. – 2008. – №4. – Б. 10–14.

2007

18. Кенжалин, Жұмабек. Атын ағалар таңдаған " Ақиқат " [Мәтін] : ["Ақиқат" журналына 85 жыл] / Жұмабек Кенжалин // Ана тілі. – 2007. – №28(12 шілде). – Б. 14–15.
19. Кенжалин, Жұмабек. БАҚ менеджменті: әлеуметтің әлеуетін күшейте білсек [Мәтін] : Мемлекетшілдік сана стратегиясы / Жұмабек Кенжалин // Ақиқат. – 2007. – №3. – Б. 35 – 39.
20. Кенжалин, Жұмабек. БАҚ: Ұлтаралық жарасымдылық мәдениетін қалыптастыруда жайбасарлық жараспайды [Мәтін] : Мемлекетшілдік сана стратегиясы / Жұмабек Кенжалин // Ақиқат. – 2007. – №5. – Б. 21 – 23.

2006

21. Кенжалин, Жұмабек. Намыс найзағайы [Мәтін] : әлемдегі бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына кіру стратегиясының бір қайнар көзі туралы толғам / Жұмабек Кенжалин // Қазақ әдебиеті. – 2006. – 16 маусым. – Б. 3.
22. Кенжалин, Жұмабек. Сабақтастық стратегиясы - даму дәйектілігінің кепілі [Мәтін] : Елбасы Жолдауына орай / Ж. Кенжалин // Қазақ әдебиеті. – 2006. – 21 сәуір. – Б. 3.
23. Кенжалин, Жұмабек. Академик атанды [Мәтін] : [азамат Жұмағали Сүлейменұлы " КАЗГОР " жобалау сәулет академиясының академигі атануы] / Жұмабек Кенжалин // Арқалық хабары. – 2006. – 24 наурыз. – Б. 1.

2005

24. Кенжалин, Жұмабек. Патриотизм: парасат пен парыз пайымы [Мәтін] : [патриот, Қазақстандық патриотизм ұғымдарының мағынасы және оны ұғындыру жолдары] / Жұмабек Кенжалин // Жұлдыз. – 2005. – № 6. – Б. 124–133.

2004

25. Кенжалин, Жұмабек. Журналистиканың желмаясы [Мәтін] : [жазушы Сарбас Ақтаев шығармашылығы] / Жұмабек Кенжалин // Ақиқат. – 2004. – № 9. – Б. 68–71.
26. Кенжалин, Жұмабек. Патриотизм; ұлтжандылық ұғымының ұлы үрдісі [Мәтін] : [патриотизм ұғымының мазмұны] / Жұмабек Кенжалин // Ізденіс. – 2004. – № 1. – Б. 128–131.

1995

27. Кенжалин, Жұмабек. "...баласы Жүсіп қажы Ахметсапа" [Мәтін] : [жазықсыз жаланың құрбаны Ахметсапа Юсуповтың туғанына 100 жыл] / Жұмабек Кенжалин // Торғай таңы. – 1995. – 7 желтоқсан. – Б. 3.

1992

28. Кенжалин, Жұмабек. Жәуке батыр [Мәтін] : [Кенесары қозғалысына қатысқан Жәуке батыр туралы] / Жұмабек Кенжалин // Торғай таңы. – 1992. – 14 қараша. – Б. 2–3.

Ол туралы

басылым бетінде жарияланған жарияланымдар:

2018

29. Серке сөздің сардары [Мәтін] : Жұмабек Кенжалин туралы естеліктер / құраст. М. Тоқашбаев. – Алматы: Астана Медиа Пресс, 2018. – 416 б.
30. Смайылова, Гүлбаршын. "Серке сөздің сардары" [Мәтін] : [жазушы Жұмабек Кенжалинге арналған кітап жарық көрді] / Гүлбаршын Смайылова // Аманкелді арайы. – 2018. – 26 қазан. – Б. 8.
31. Есіл ер еске түскенде [Мәтін] : [ақын Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі Жұма-Назар Сомжүректің жазушы Жұмабек Кенжалин туралы естелігі] // Аманкелді арайы. – 2018. – 10 тамыз. – Б. 5.
32. Сүлеймен, Мақсұтбек. Жұмабексіз жалғызсырап қалғандаймын... [Мәтін] : [жазушы Жұмабек Кенжалин туралы естеліктер] / Мақсұтбек Сүлеймен // Арқалық хабары. – 2018. – 20 шілде. – Б. 4–5.
33. Досанов, Сәбит. Бітімі бөлек бекзатым-ай [Мәтін] : [қаламгер Жұмабек Кенжалин туралы] / Сәбит Досанов // Қостанай таңы. – 2018. – 4 шілде. – Б. 13.

- 34.Тәтіғұлов, Әбдісағит. Ұлағатты Жұмабегіміз еді [Мәтін] : [қаламгер Жұмабек Кенжалин туралы] / Әбдісағит Тәтіғұлов // Қостанай таңы. – 2018. – 4 шілде. – Б. 13.
- 35.Тәтіғұлов, Әбдісағит. Абыройы биігіндегі Жұмабегіміз еді [Мәтін] : [журналист, жазушы Жұмабек Кенжалин туралы естелік] / Әбдісағит Тәтіғұлов // Қазақ. – 2018. – 15 маусым. – Б. 6.

2017

- 36.Жұмабек Кенжалин [Мәтін] : [қазанама : журналист] / Ж. Аязбеков [және т. б.] // Қостанай таңы. – 2017. – 25 шілде. – Б. 7.

2016

- 37.Омарұлы, Бауыржан. Естен кетпес емтихан [Мәтін] : немесе белгілі журналист Жұмабек Кенжалин туралы сөз : (Эссе) / Бауыржан Омарұлы // Қостанай таңы. – 2016. – 20 қаңтар. – Б. 6–7.

2014

38. Қалам қанаты [Мәтін] : ["Қазақ газеттері" ЖШС-ның Бас директоры, жазушы-журналист Жұмабек Кенжалиннің жаңа кітабы жарық көрді] / газ. ред. // Қостанай таңы. – 2014. – 19 қыркүйек. – Б. 3.
- 39.Профессор атағы берілді [Мәтін] : [ғалым, жазушы Жұмабек Омарұлы Кенжалинге : суреті бар] / "Қостанай таңы" газ. ред. // Қостанай таңы. – 2014. – 3 маусым. – Б. 2.

2013

- 40.Кенжалин Жұмабек. [Мәтін] // Торғай елі : энцикл. / құраст. Т.Рсаев; ред. А.Ахметов. – Алматы: «Арыс», 2013. – Б. 224.

2011

- 41.Мұсабаев, Хамитбек. Батырлық баян байламы [Мәтін] : [журналист Жұмабек Кенжалиннің "Ер Жәуке мінбегенмен алтын таққа" атты кітабы туралы] / Х. Мұсабаев // Қостанай таңы. – 2011. – 26 қазан. – 6 б..
- 42.Жәуке батыр туралы кітап [Мәтін] : [батыр туралы кітап жарық көрді] // Аманкелді арайы. – 2011. – 14 қазан. – Б. 4.
- 43.Кенжалин Жұмабек. [Мәтін] // Қазақ телевизиясы : энцикл. / құраст. Құдайберген Тұрсын; ред. Ғ.Шалахметов. – Алматы: «Digital Media Asia», 2011. Т. 2. – Б. 618.

2009

- 44.Кенжалин Жұмабек. [Мәтін] // Жақып, Ә.Торғай тарландары: [Мәтін] өмірбаяндық энцикл. /Ә.Жақып. – Астана, 2009. Т. 1. – Б. 109.

2006

- 45.Мұсабаев, Хамитбек. Жолы жарқын Жұмабек [Мәтін] : [журналист Жұмабек Кенжалин туралы естелік] / Хамитбек Мұсабаев // Қостанай таңы. – 2006. – 26 шілде. – Б. 8.
- 46.Президент сыйлығы берілді [Мәтін] : [қазақ газеттері ЖАҚ президенті Жұмабек Омарұлы Кенжалинге берілді] // Қазақ әдебиеті. – 2006. – 30 маусым. – Б. 2.
- 47.Жақып, Бауыржан. Ұлт рухын ұлықтаған [Мәтін] : [публицист Жұмабек Кенжалиннің “Ұлт рухын ұлықтаған ұрпақпыз” атты кітабы туралы] / Бауыржан Жақып // Егемен Қазақстан. – 2006. – 24 маусым. – Б. 3.

1990

- 48.Жарылғасов, Мұратбек. Халық депутаттарының газеті [Мәтін] : [тілші Жұмабек Кенжалинмен сұхбат] / Мұратбек Жарылғасов // Арқалық таңы. – 1990. – 19 шілде. – Б. 4.

КОСТАНАУ ТҰРЫМ

№7 КИТАП 2006 ЖЫЛЫ - 20

Тұлға



Жолы жарқын ЖҮМАБЕК

Жолы жарқын Жұмабектің өмірі мен шығармалары туралы мақаланың бастапқы бөлігі. Автор - Ә. Қыдырқалиев. Мақалада Жұмабектің өмірбаяны, шығармаларының тематикасы және оның қазақ поэзиясына қосқан үлесі туралы айтылады.

КОСТАНАУ ТҰРЫМ

№7 КИТАП 2006 ЖЫЛЫ - 20

К. ЕЛІУЛЫ



Естен кетмес ҒМТИХАН

Немесе белгілі журналист Жұмабек Кенжалін туралы сөз

Жұмабек Кенжалін туралы мақаланың бастапқы бөлігі. Автор - К. Еліулы. Мақалада журналисттің өмірі мен жұмысы туралы айтылады.

ТАҒЫМ

4 шілде 2018 жыл

Бітімі бөлек бекзатым-ай

Сәбит Досанов, жұртты, Мемлекеттің сыйлықтың лауреаты

Сәбит Досановтың өмірі мен шығармалары туралы мақаланың бастапқы бөлігі. Автор - Ә. Қыдырқалиев. Мақалада Досановтың өмірбаяны, шығармаларының тематикасы және оның қазақ поэзиясына қосқан үлесі туралы айтылады.

Ұлағатты Жұмабегіміз еді

Әбдіғали Тәттіғұлов, Ақшима, ҚР Мемлекеттің сыйлықтың лауреаты


Жұмабегіміз туралы мақаланың бастапқы бөлігі. Автор - Ә. Қыдырқалиев. Мақалада Жұмабегіміздің өмірі мен шығармалары туралы айтылады.

ARQALYQ

30 шілде 2018 жыл


Жұмабексіз жалғызсырап қалғандаймын...

Жұмабексіз жалғызсырап қалғандаймын... Мақаланың бастапқы бөлігі. Автор - Ә. Қыдырқалиев. Мақалада Жұмабектің өмірі мен шығармалары туралы айтылады.



***Жұмабек Кенжалиннің шығармалары
мен ол туралы жарияланымдар жиынтығы***

Ол туралы әдебиеттер



**Жұмабек Кенжалиннің қазасына
арналған арнау – өлеңдер**

Асыл

(Жұмабек Кенжалинге)

Жанары да,
Жаны да жарық адам,
Сен кеткенің жұмбақтау әлі маған...
Жаның алаң жан едің жалқындарға,
Алдын жарық болсыншы жаным, ағам!

Жолы қиыр ойлының,
мұраты мұң,
Сезінгесін уақыттың сұрапылын.
...Көз алдымнан кетпейді айналайын –
Топ ішінде жарқырап тұратының.

Жазирасы Торғайдың өскен белің,
Топқа түскен кезіңнен төске өрледің.
Мінберінен уақыттың сөз бастадың –
Жел боп тимей бетіне еш пенденің.

Сен айналып кеткелі шын асылға,
Ұлағатың ұрпаққа ұласуда.
Өз қолыңмен асырап кеттің анық
Көсемсөзін қазақтың бір асуға.

Қазақ деген жұртымның келешегі,
Сау тұрғанда
Есімің неге өшеді?!
...Өзім көрген ағаның аяулысы –
Көзім көрген жігіттің төресі еді.

Топырағынан Торғайдың өнген арсың,
Елеулі боп есімің елде қалсын.
Керуені қазақтың бар тұрғанда –
Кенжәлінің ұрпағы сен де барсың.

Жапырағын жанымның саған жайдым,
Аз емес ед, қайтейін, алаң қайғым,
Дара болмыс ағамен сапарларда
Кезігіп қалам ба деп алаңдаймын.

Жарығынан жалғанның дерек алам,
Шеменіме кей күндер шер ораған.
...Керек адам Кенжалин келер күнге
Қаламы да,
Ғаламы бөлек адам.

Ғалым Жайлыбай,
ақын

Таза бұлақ

(Жұмабек Кенжалиннің рухына)

Атқарған әдемілеп әрбір ісін,
Бір өзі ту көтерген барлығы үшін,
Толағай шаруаларды тындыратын,
Толқытпай тамырдағы қан жүрісін.

Жан нұры, көзіндегі жарқылы да,
Аялап айналасын шарпыды да.
Торғайдың тұлпар тектес тарлан ұлы
Балады бар жақсыны алтынына.

Жұмабек туғаны рас жұма күні,
Тұмардай көкіректе дұғалығы.
Түрінен атой салып ер көңілі,
Жүзінен ашылатын иман гүлі.

Жасынан жақсылармен жанасқаны,
Жанының ізгілікпен жарасқаны,
Талабы, терең ойы, еңбегімен
Бәйгеде белгілі еді бел асқаны.

Мол еді тиянағы, тындырымы,
Ізет пен ілтипаты - бір ғылымы.
Түбінен жүрегінің естілетін
Тазалық бұлағының сылдыр үні.

Жаныңды жақсы көрді ел.
Таза бұлақ.
Жан – жаққа жатты жырың таралып – ақ.
Өзің де азамат ен арамызда
Жүргендей ақ жауыннан жаралып – ақ.

Әлі де күтіп жүрген самғауынды,
Төгіп бір өте шықтың ақ жауынды.
Сендегі жан байлығы, жайлау гүлі
Аңсатар алашыңды, бар қауымыңды.

Бір сәтке түңілемін, үгілемін!

(Жұмабек Кенжалиннің рухына)

Қайырлап қалтарыста мінген кемең,
Тағдырдың салғанына кім көнбеген.
Артыңда таңдай жарқын із қалдырып,
Жұмабек сен де көштің бұл дүниеден.

Көңілің көп нәрсеге нанғыш еді,
Алғанын қалың елден алғыс еді.
Қош енді! Топырағың торқа болсын,
Қара жер құшағына алды сені.

Таза еді жаңа жауған жаның қардай,
Кең дүние кенет сөніп тарылғандай,
Кеттің – ау қарай- қарай Қайыңдыңа,
Тойына асығып ең жаның қалмай!

Сен емес – күйбеңдеген көптің бірі,
Жаныңның жақсылыққа төктің нұрын.
Семсердің сертке ұстаған,
Жәй қарасаң,
Жүзінен көрінбейді өткірлігі.

Еліңнің сен де сондай бір ұлы едің,
Таза едің, тәуір едің, тұнық едің.
Тағдырдың жазғанына не шара бар,
Бір сәтке түңілемін, үгілемін!

Әбжан Әбілтай,
ақын

Жоқтау

Жан еді еңбек еткен жалықпастан,
Әр талпыныс өзінше анық қадам.
Жоқтағанда Жүкеңді зарлы үнім,
Алты қырдан әрі асып қалықтаған.

Адамдықтан айнымау ғажап ұғым,
Қамқор болған баршаға ғазалымсың.
Жүз қасиет бойынан табылғанмен,
Қапы қалды – ау аңғармай ажал сырын.

«Жүке жоқ» деп жылап тұр жүректері,
Бұл бейнетті кім –кім де тілеп пе еді?
Есеңгіреп, әлі де есін жимас,
81 - дің КазГУ – лік түлектері.

Кім кіммен де сөйлесіп ашық – жарқын,
Түсінуші еді жағдайды, сөздің парқын.
Қара аспаным бүгінде қақ айрылды,
Енді қайда біздерге Жүкеңдей алтын?!

*Салтанат Қажыкен,
Ақпарат саласының үздігі*

Орны қалды ойсырап

«Желкілдеп өскен құрақтай»
Сыр тартқан сыршыл жастардан.
«Шындықтың жаққан шырағын»,
Халқының бағы басты арман.
Студент кезден үздік боп,
Араласса да билікке.
Өзгермеген мінезі,
Зиялылықтың үлгісі
Дегдар жанның бірі еді.
Туысы жоқ, туған жоқ,
Мүгедек ақын Жайлаубай
Үйленгенде қуанып,
Тойын да өзі жасаған.
Қалдырмай әркез тасада,
Үнемі қолдап отырған.
Қарауындағы халқының –
Отбасы мен өзінің
Қадағалап хал – жайын,
Ұяңын қағып арқадан,
Өзі отырып төменге
Үлкенін төрге оздырған.
Естіген бойда атымды,
Құрметтеп асыл затымды,
Атып тұрып орнынан,
Апалап алдан қарсы алған.
Жұмабегім қайда, ағайын?
Сыпайы, сұлу, сымбатты.
Шынайы көркем мінезді,
Дихан баба секілді
Жүзге де келер деп едім.

Кімдерді жолдан тоспаған,
Бес күндік мынау сұм жалған.
Қырық күн болды кеткелі,
Орны қалды ойсырап,
Толтырар оны кімің бар?
Пайғамбардың жасында,
Қинамай ауыр науқаспен
Құзырына алған, Құдайым,
Құдыретіңе тәубә қылайын.
Бір өзіңнен сұрайын,
Алдынан жұмақ төрін бер.
Тілеулеске, ұрпаққа
Қасиетін, қадырын,
Ұзақ ғұмыр, жолын бер.

***Зәмза Қоңырова,**
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі*

Суреттер сөйлейді



*Мемлекет және қоғам қайраткері Олжас Сүлейменов
«Ана тілі» газетіндегі материалдармен танысуда, 2016 ж.*



*Академиктер Манаш Қозыбаев және
Жабайхан Әбділдин ағаларымен, 2001 ж.*



Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің ректоры Тоқмұхаммед Сәлменұлы Садықовпен кездесу, 2004 ж.



Ж.Кенжалин ағалар ортасында



Достардың ортасында, 2007 ж.



Қарасазда, 2003 ж.



Қали Сәрсенбай, Жанболат Аупбай, Жұмабек Кенжалин



Достармен бас қосқанда, 2002 ж.



Елбасымен бірге Сауд Арабиясына сапар кезінде, 1994 ж.



Ж.Кенжалин әріптесі, туысы С.Абдрахмановпен



*«KAZGOR» жобалау академиясының президенті
Әбдісағит Тәтігұлов ағасымен бірге, 2016 ж.*



Варшава, 2013 ж.



Ж.Кенжалин 50 жасқа толганда



Ж.Кенжалин табиғатында даланы,

жылқы баласын өте жақсы көретін



Інісі Жұмағазымен



Ташкент. Әмір Темір ескерткіші қасында, 1998ж.



Отбасымен



Кіші ұлы Жандос және келіні Айнұрмен



Немерелері Лаула мен Сана



Қимас сәт

Ағалар айтқан лебіздер

«...Жұмабек Омарұлының журналистік, жазушылық еңбектері әдеби ортада жоғары бағаға ие. Оның еңбектерінде адамдарға ой түсіретін толғақты пікірлер жиі кездеседі. Бұл әрине қаламгердің білімпаздығынан туған дегдарлық. Оның очерктері оқырманды әрдайым ойландырып, толғандырып, әр алуан күйге түсіреді. Сондықтан болар Жұмабектің кітаптары оқырман тарапынан ілтипатқа бөленіп жатады. Ол ешкімнің бетіне жел болып тимейтін, мінезі жұмсақ, бірақ ұстағанына берік журналист, басшы».

*Хамитбек Мұсабаев,
журналист – ақын*

«...Жұмабек өте сабырлы, мәдениеті жоғары, адамгершілігі мол азамат еді. Ол үлкендерге аяулы іні, жастарға қамқор, өнегелі аға болды. Кезінде ол басқарған басылымдар өскелең өміріміздің жаршысы болып алда тұрды.

Жұмабек ұжым ішінде бірліктің, ұйымшыл іскерліктің үлгісін көрсетіп, әрдайым жақсылыққа бас – көз болып жүруші еді. Өмірден өте ерте әрі шұғыл өтті».

*Досмұхамед Кішібеков,
академик*

«...Жұмабек Омарұлы қазақ баспасөзінде , журналистика саласында айшықты із қалдырды. Белді басылымдардың мектебінен өтіп, «Халық кеңесінен» бастап бірнеше газеттің бас редакторы болды. Қай газетті басқарса да ол жерден жаңашылдықтың лебі есетін. «Қазақ газеттері» ЖШС – нің қарамағындағы газет – журналдарда Жұмабек Омарұлының кәсіби біліктілігінің арқасында, басшылықтағы тәжірибесінің негізінде талай өткелектерден аман – есен шықты. Ағамыз қанша биікте болса да, аласаруды білетін. Бөтен сөзбен сөз арасын былғаған емес. Өзіне жайсыз болса да, елге жайлы, пайдалы қызмет істеу – Жұмабек ағаның жазылмаған кодексі еді».

**Сұлтан Тайгарин,
журналист**

«...Жүмекенге ақсүйектік, зипалық, бекзаттық тән еді. Кез – келген мәселені биік парасат – пайыммен шешетіні талайға үлгі болып қалды. Ол «Қазақ газеттерінің» тағдыры тартысқа түскенде атқа мінді. Бұл мәселедегі оның ерен еңбегі талай мәрте еске түсіп, бағалануы керек. Ол жалпы ұлттық құндылықтар үшін айқайлап алаңға шықпай – ақ үнсіз күрескен және соның жолын тапқан адам».

Қали Сәрсенбай,

«Алматы ақшамы» газетінің Бас редакторы

Кітапханаға сый



«Менің қолтаңбам» жобасы аясында Арқалық қаласының орталықтандырылған кітапхана жүйесіне арнайы жазушы, публицист Жұмабек Кенжалиннің ұлы Дастан Кенжалин кітапханамызда қонақта болып, әкесі Жұмабек Омарұлы Кенжалиннің қаламынан шыққан «Ер Жәуке мінбеген алтын таққа...» атты 35 дана кітабын кітапхана қорына сыйға тарту етіп, өз қолтаңбасымен жылы лебізін білдірді. Бұл кітапта әйгілі Кенесары – Наурызбай басқарған ұлт-азаттық қозғалысының қаһармандарының бірі, жаужүрек

Төлек Жәуке батырдың өшпес ерлігі мен елжандылығы, туған еліне деген шексіз сүйіспеншілігі баяндалады.

Кенжалин, Ж. Ер Жәуке
таққа... – Алматы: «Қазапарат», –



мінбеген алтын
2011. – 200 б.



Мазмұны

1. Ұлт рухын ұлықтаған.....	5-6
2. Ж.Кенжалиннің шығармалары.....	7-8
3. Ж.Кенжалиннің мерзімді басылымдардағы жарияланымдары.....	9-11
4. Ол туралы басылым бетінде жарияланған жарияланымдар.....	11-15
5. Ол туралы әдебиеттер.....	16
6. Жұмабек Кенжалиннің қазасына арналған арнау – өлеңдер.....	17-23

7. Суреттер сыр шертеді.....	24-33
8. Ағалар айтқан лебіздер.....	34-35
9. Кітапханаға сый.....	36

Құрастырушы: Көшкінбай С. М.

Мұқабаны безендірген: Көшкінбай С. М.

Редактор: Құсайын Д. Е.

Шығарылымға жауапты: Құсайын Д. Е.

Басуға қол қойылды 12.07.2024

Таралым 2

Басылым: ксерокс

Біздің кітапхананың мекен-жайы:

110300, Қостанай облысы,

Арқалық қаласы, Родина ауылы

Гагаринакөшесі, 21. Тел. 2-10-18

E – mail: cbs10@mail.ru